

Жерге салық мөлшерлерін түзету туралы

Күші жойған

Павлодар облысы Железинка аудандық мәслихатының 2009 жылғы 16 сәуірдегі N 138-4/14 шешімі. Павлодар облысы Железинка ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 18 мамырда N 12-6-72 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Железинка аудандық мәслихатының 2013 жылғы 14 қарашадағы N 162-5/21 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Железинка аудандық мәслихатының 14.11.2013 N 162-5/21 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Бюджетке салық және басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 387 бабы, 1 тармағына сәйкес аудан мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Салық Кодексінің 378 бабында қарастырылған ауыл шаруашылыққа арналған жерлердің негізгі салық мөлшері 50% ұлғайтылсын.

2. Салық Кодексінің 379 бабында қарастырылған ауыл шаруашылыққа арналған жеке тұлғаларға берілген жерлердің негізгі салық мөлшері N 1 қосымшаға сәйкес ұлғайтылсын.

3. Салық Кодексінің 381 бабында қарастырылған елді мекендер жерлеріне (тұрғын үй маңындағы жерлерден басқа) негізгі салық мөлшері 50 % ұлғайтылсын.

4. Салық Кодексінің 383 бабында қарастырылған елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп жерлеріне негізгі салық мөлшері 50 % ұлғайтылсын.

5. Железинка аудандық мәслихатының (2-шақырылымы, 24 сессиясының) 2003 жылғы 23 сәуірдегі "Жерге салық мөлшерлерін түзету туралы" (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу реестрінде N 1841 тіркелген, аудандық "Родные просторы" газетінде жарияланған) N 209/24 шешімінің күші жойылған деп саналсын.

6. Осы шешім ресми жариялануынан 10 күннен кейін қолданысқа енеді.

Аудандық мәслихаты

сессиясының төрағасы

А. Умаров

Аудандық мәслихатының хатшысы

В. Крутиков

Железинка

аудандық

Мәслихатының

4-шақырылымның

кезекті

14-сессиясының

Селолық округтер қимасында базалық ставкаларын көтеру

N	Селолық округтың атауы	Көтерілген %
1	Железин	50
2	Михайлов	40
3	Алакөл	40
4	Ақтау	20
5	Уалихан	30
6	Енбекші	20
7	Башмашын	40
8	Озерный	20
9	Казакстан	30
10	Новомир	40
11	Веселороцин	30
12	Приертіс	40
13	Лесной	20